



Абай
Құнанбаев
1845-1904

Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845—1904) — ақын, жазушы, қоғам қайраткері, қазіргі қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы, либералды білімді исламға таяна отырып, орыс және еуропа мәдениетімен жақындасу арқылы қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор. Азан шақырып қойған аты — Ибраһим.



**Абайды таныту арқылы біз
Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ
халқын таныта-мыз, Абай әрқашан
ұлттық ұранымыз болуы тиіс.**

Н.Ә.Назарбаев

Парасатты

Ақкөңіл

Алғыр

Адал

Сезімтал

Әділ

Табанды

Жүйрік ойлы

Ашық мінезді

Өткір тілді

Қабілетті

Көпшіл

Ұлтжанды

Шыншыл

Қайсар

Ақын жанды

Дарынды

Қалжыңқой

Өнерлі

Турашыл



Ақынның өз балалары:

Абай

Талантты балалары:
Әбдірахман, Мағауия,
Тұрағұл, Мекайыл

Ділдәдән

Ақылбай, Әкімбай
Әбдірахман, Райхан

Күлбадан

Мағауия

Әйгерімнен

Тұрағұл, Мекайыл
Ізкәйіл, Кенже



Абай отбасымен, 1903 жыл. 1-қатарда: Пәкизат, Тұрағұл Абайұлы, Әубәкір Ақылбайұлы. Отырған Абай Құнанбайұлы. 3-қатарда: Мағауия Абайұлы, Еркежан, Кәмәлия (Әубәкірдің әйелі).




- Зере әже көңілі кең, жүрегі нәзік адам болған. Абай әжесін қатты жақсы көреді. Күндіз де, түнде де ертегі айтқызады.
- Абай әжесімен бірге:
“Е-е.. Бұлдыр-бұлдыр күн өткен,
Бұрынғыда кім өткен?” – деп бастап, әңгіме сұраған тілегін осылайша бастайтын.





- Абайдың әжесі - Зере Абайға халық қазынасынан нәр беріп, бойына ізгілік шуағын сепкен, білімге итермелеген ұлы ұстаз, тәлімгер, ана.
- Анасы Ұлжан – ұстамды, мейірімі мен ақылы мол дана кісі болған.



«Абай-дара, Абай-дана»



Абай туралы



«Әкеміздің бір шешесінен туған Ибраһим мырза, қазақ ішінде Абай деп атайды, сол кісі мұсылманша һәм орысша ғылымға жүйрік, һәм Алланың берген ақылы да бұл қазақтан бөлек дана кісі еді».

Ш. Құдайбердіұлы



“Қазақтың бас ақыны - Абай Құнанбаев.
Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда
қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ”.

А. Байтұрсынұлы



“Сөзің асыл-баға жетпес, бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі
кетпес”.

М. Жұмабаев



Қазақ, орыс және бірнеше
шығыс елдерінің тілдерін
білген



Әлем және орыс әдебиетін
тұңғыш рет ана тілімізге
аударған



170 өлеңі, 56 аудармасы
45 қара сөзі бар



«Абай жолы» - XIX
ғасырдың екінші
жартысындағы қазақ
халқы өмірінің айнасы

Абайдан оқығаның табылады,
Абайды оқымаған қағынады.
Абайды оқы, ерінбе, еркелеме,
Абайдан іздегенің табылады.



Абайдың поэтикалық
шығармалары мен қара сөздері
пәлсапалық, этикалық,
эстетикалық, психологиялық және
педагогикалық ой-пікірлерге толы.
Абай түсінігінше, табиғат біздің
санамыздан тыс және бізге тәуелсіз
өмір сүреді. Біздің түйсігіміз бен
қабылдауымыз, түсінігіміз
айналадағы ақиқат шындық өмірдің
сәулесі ғана.





*Сонымен қатар, қазақ балаларының
білімді, сауатты, өнерлі болуына
еңбегі сіңген ұлы ақын Абай
Құнанбаев атамыз. Ол балаларға
арнап әңгімелер, өлеңдер жазды.*

«Көзімнің қарасы» Әні мен сөзі: Абай Құнанбаев




1. *Көзімнің қарасы,
Көңілімнің санасы,
Бітпейді іштегі
Ғашықтық жарасы.*
2. *Қазақтың данасы
Жасы үлкен ағасы
"Бар" демес сендей бір
Адамның баласы.*
3. *Жылайын, жырлайын
Ағызып көз майын.
Айтуға келегінде
Қалқама сөз дайын.*
4. *Жүректен қозғайын,
Әдептен озбайын,
Өзі де білмей ме
Көп сөйлеп созбайын.*

Желсіз түнде жарық ай

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп.
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп.

Қалың ағаш жапырағы,
Сыбырласып өзді-өзі.
Көрінбей жердің топырағы,
Құлпырған жасыл жер жүзі.



Жазғытұры

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.
Түйе боздап, қой қоздап-қорада шу
Көбелек пен құстар да сайда ду-ду,
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып, бұлаңдап ағады су.

Абай - композитор

- “Көңіл құсы құйқылжыр”
- “Құлақтан кіріп бойды алар”
- “Көзімнің қарасы”
- “Желсіз түнде жарық ай”
- “Айттым сәлем Қаламқас”



Білім алған ордалары, ұстаздары



Ауыл молдасы –
Ғабитхан




“Ахмет Риза” медресесі



“Приходская школа”.
Семей қаласында (3 ай)



- Абай он екі жасында Семей қаласындағы Ахмет Риза қазіретінің медресесіне түседі. Онда 3 жыл оқиды. Медреседе оқып жүріп 3 айдай орыс мектебінен дәріс алады. Абай араб, түрік, парсы тілдерінде үйренеді.





Абай - өз заманының биік парасат иесі ғана емес, бүгінгі заман қайшылықтарын шешуге де бағыт берген биік тұлға. Ақынның адамгершілік мұраттары тек өлеңдерінде ғана емес қара сөздерінде де терең философиялық толғаныспен көрініс тапқан. Абай өзінің оқушысы мен тыңдаушыларымен әңгімелеседі



Осы тақырыптық топтар бойынша қара сөздерін жіктеп көрейік



Қорытындылау

«Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс»- деп елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың айтқан пікірімен аяқтағым келеді.

*Назарларыңызға
рахмет!!!*

